

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алу үшін негіз> тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тікелей шарт жасау тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тікелей шарт жасау тәсілімен Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі сомаға <қызметтердің атауы> қызметін сатып алуды жүзеге асыру шешімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда, Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес <қызметтердің атауы> қызмет көрсету (бұдан әрі - Қызметтер) бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда келісілген талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- осы Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) тізбесі (Шартқа №1 қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша);
- Қызметке арналған тарифтер (Шартқа № 3 қосымша).

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы

сомаға _____ теңге ___ тиын (____ теңге _____ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, <және _____ теңге ___ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

ай сайын, Тараптардың уәкілетті тұлғалары тиісті ай үшін көрсетілген Қызметтер актісіне (бұдан әрі - Акті) қол қойған және Тапсырыс беруші шот-фактураны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

Шарттың жалпы сомасы Тараптардың жауапты тұлғалары қол қойған Актілер негізінде нақты көрсетілген Қызметтердің көлеміне қарай азайтылуы мүмкін.

Көрсетілген Қызметтердің нақты көлемі және Шарт бойынша әр айда төленуге жататын сома Шартқа №3 қосымшада белгіленген Қызметтер көрсетуге арналған тарифтер негізге алына отырып есептеледі және тиісті ай үшін Актіде көрсетіледі.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен

(бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.11. Жеткізушінің төлемге қажетті құжаттарды уақтылы ұсынбауы Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;
- 4) жөнелтімдерді жіберу үшін телефон арқылы немесе электрондық мекенжайға жазу арқылы уақтылы өтінім беруге және курьерді шақыруға;
- 5) жөнелтімдерді қабылдауды және жеткізуді жүзеге асыру үшін Жеткізуші қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің аумағына кіруін қамтамасыз етуге;
- 6) жіберуге арналған жөнелтімдерді Жеткізушінің қызметкерлері келгенге дейін уақтылы дайындауға;
- 7) Жеткізуші пайдаланатын жүкқұжаттарды дербес толтыруға, атап айтқанда:
 - жіберушінің аты-жөні мен телефонын көрсетуге;
 - алушының нақты мекенжайын көрсетуге (индекс, ел, облыс, қала, компанияның толық атауы, Т.А.Ә., телефон);
 - Қазақстан Республикасы бойынша және ТМД елдеріне жөнелтімдерді жөнелту кезінде - орыс тілінде толтыруға;
 - жөнелтімдерді алыс шетелге жіберу кезінде - ағылшын тілінде толтыруға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер,

ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар, қателер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша ескерту жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;

4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;

7) Жеткізуші Қызметтерді тиісінше көрсетпеу нәтижесінде келтірген нұқсанды өтеуді талап етуге құқылы.

-

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;

11) Тапсырыс берушінің жөнелтілімдерін жүкқұжаттарда көрсетілген бағыттар бойынша, тиісінше Шартқа №2 және №3 қосымшаларға сәйкес мерзімдерде және тарифтер бойынша тасымалдауды ұйымдастыруға;

12) Алматы уақытымен сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін Тапсырыс берушінің өтінімдерін қабылдау, бұл ретте Алматы уақытымен сағат 15-00-ден кейін қабылданған өтінім келесі жұмыс күні тіркеледі;

13) Тапсырыс берушінің шақыруы бойынша курьерді көрсетілген мекенжайға және Тапсырыс беруші көрсеткен уақытқа жіберуге. Егер уақыт нақтыланбаса, онда демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күні ішінде Алматы уақытымен сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін.

14) "Есіктен есікке дейін" қағидаты бойынша Тапсырыс беруші көрсеткен мекенжайлар бойынша алушыға пошта жөнелтілімдерін жеткізуді қамтамасыз етуге:

- заңды тұлғалардың атына: қабылдау бөлмесіне, кеңсеге не адресаттың басқа бөлімшесіне,

- жеке тұлғалардың атына: адресатқа не адресаттың көрсетілген мекенжайдағы кәметке толған отбасы мүшелеріне;

15) жөнелтілімді Қазақстан Республикасының облыс орталықтарына жеткізу туралы, сондай-ақ Тапсырыс берушінің телефонмен не электрондық почтамен сұратуы бойынша халықаралық жөнелтімдерді жеткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ Жеткізушінің сервисінде көзделген басқа да ақпаратты ұсынуға.

16) Тапсырыс берушіге өзі алған ақпараттың барлық анықталған кемшіліктері туралы хабарлауға, ал ол толық болмаған жағдайда қосымша сұрату жүргізуге.

17) жөнелтімдердің Тапсырыс берушіден қабылданған түрде құпиялылығын және сақталуын қамтамасыз етуге;

18) күтпеген жағдайларға байланысты жөнелтім кідірілген жағдайда Тапсырыс берушіні уақтылы хабардар етуге;

19) халықаралық жөнелтімдерге кедендік рәсімдер бойынша ақпарат ұсынуға;

20) жеткізілмеу себептерін көрсете отырып, жеткізілмеген жөнелтімдерді қайтаруды жүзеге асыруға;

21) Шарт шеңберінде кез келген ақпарат пен құжаттарды Шарттың 14-бөлімінде көрсетілген Тапсырыс берушінің нақты мекенжайына жолдауға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

-

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі – Шарт күшіне енген сәттен бастап, бірақ 2023 жылғы 1 қаңтардан ерте емес, 2023 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда..

4.2. Қызметтер көрсету орны: Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, Жеткізуші желісінің қолданысы таратылатын алыс, жақын шет елдер..

-

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші ай сайын, есептік айдан кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей Тапсырыс

берушіге Актіні екі данада ұсынады.

5.2. Тапсырыс беруші тиісті айда көрсетілген Қызметтердің сапасын, көлемінің толықтығын және олардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және көрсетілген Қызметтерде ақаулар болмаған жағдайда, Тараптар актіге Тапсырыс беруші Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қол қояды.

5.3. Көрсетілген Қызметтерде ақаулар анықталған жағдайда, Тараптар анықталған ақаулар туралы екі жақты акті жасайды. Бұл ретте Жеткізуші анықталған ақаулар туралы актіге қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен анықталған ақауларды (Көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді, олқылықтарды) жоюға міндетті.

5.3. Бар ақаулар жойылғаннан кейін екі Тараптың уәкілетті тұлғалары Шарт бойынша Актіге қол қояды.

5.4. Егер Жеткізуші анықталған ақаулар туралы акті жасаудан жалтарған жағдайда, Тапсырыс беруші осы актіні біржақты тәртіппен жасауға құқылы, оның да Жеткізуші үшін міндетті күші болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Техникалық ерекше нұсқаманың 6-тармағында (Шартқа №2 қосымша) көзделген мерзімдерді бұзған жағдайда, кешіктірілген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтерде ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда - кешіктірген әр жұмыс күні үшін, ақауларды жою күнін қоса алғанда, Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда - Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

қабылданған кезінен бастап алушыға тапсырылғанға дейінгі сақталуы үшін мынадай мөлшерде жауапты болады:

- жөнелтім жоғалған немесе бүлінген жағдайда, жөнелтімнің ішіндегісінің нақты келтірілген залалының құны мөлшерінде 100 кг дейін, бірақ жөнелтімді жеткізу тарифін қоса алғанда, 10 000 (он мың) теңгеден аспайды,

- жөнелтілім жоғалған не бүлінген жағдайда, жөнелтілімнің нақты келтірілген залалының құны мөлшерінде 100 кг-нан астам, бірақ жөнелтілімді жеткізу тарифін қоса алғанда, 100 000 (жүз мың) теңгеден аспайды,

- егер жөнелтім "бағалы" деп бағаланса және Жеткізушінің шектелген жауапкершілігінен артық құны болса, Тапсырыс беруші осы құнды Жеткізушінің жүкқұжатындағы "жарияланған күн" бағанына енгізу арқылы жөнелту құнын жариялайды. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіге жөнелтудің жарияланған құнының 1% мөлшерінде және ҚҚС қосқанда, сақтандыруға қосымша алым төлейді. Егер Тапсырыс беруші жөнелту құнын жарияламаған және сақтандыруға қосымша алым төлемеген жағдайда, онда бұл жөнелтімді "бағалы" деп бағалауға болмайды. Барлық жағдайларда Жеткізуші қаптаманың тұтастығын сақтау шегінде жөнелтуге жауапты болады.

6.10. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда ол Жеткізушіге сол арқылы жіберілген пайданы өтемейді және Жеткізуші шеккен нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.11. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, Іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.12. Осы Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз

пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 5) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение осуществить закупку услуг <наименование услуг> у Поставщика способом прямого заключения договора на сумму _____ тенге ___ тьин (_____ тенге ___ тьин), <без учета суммы НДС>.

1.2. Поставщик принимает на себя обязательство оказать услуги <наименование услуг> (далее - Услуги) в соответствии с Технической спецификацией, в срок и на условиях, предусмотренных Договором, а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги в соответствии с условиями Договора.

